

ҚОҚЫС КӨП, ӨҢДЕУІ АЗ

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТАСҚА ТАҢБАЛАНҒАН ТАРИХ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Конституцияда әр адам еліміздің мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тиіс деп көрсетілді. Себебі ұлттық нышандарымызды қадірлеу отаншылдық рухының ең биік өлшемі екені сөзсіз. Нағыз патриоттар ғана елдің көшін алға бастайды, жердің шетін жаудан қорғайды. Басқа сөзбен айтқанда, отаншылдық дегеніміз – жеріміздің қауіпсіздігі және тұтастығының кепілі. Ұлт рәміздерінің мәртебесін арттыру – аса маңызды мемлекеттік жұмыс.

№66
(4964)
Сенбі
6 маусым
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT



ЭКОЛОГИЯНЫ ҚОРҒАУ МАҢЫЗДЫ

«Таза Қазақстан» республикалық экология акциясы аясында Астанада Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні мен Эколог күніне орай мәдениет, спорт, білім беру салаларының өкілдері, жастар және жастар ұйымдары «Өзіңнен баста!» челленджіне қатысты.

Олар әлеуметтік желідегі парақшаларында халыққа үндеу жолдап, әр азаматты қоршаған ортаны таза ұстауға және табиғатты аялауға өз үлесін қосуға шақырды. Сондай-ақ экология іс-шаралары мектеп жанындағы жазғы лагерлерде ұйымдастырылып, табиғатты аялау мен қоршаған ортаны қорғаудың маңызы түсіндірілді.

(3-бетте)

6-7 МАУСЫМ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Мұнда көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Мекенжайы: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.



БҮГІНДЕ ЕЛОРДАНЫҢ КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҚСАРТУ БАҒЫТЫНДА ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ЖАҢА ЖОЛДАР САЛУ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР. БИЫЛ ҚАЛА БОЙЫНША ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ 60 ШАҚЫРЫМҒА ЖЕТЕТІН 50-ГЕ ЖУЫҚ КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ.

4

ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП, КӨШЕЛЕР КӨРКЕЙЕДІ

ЕҢБЕК ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛАДЫ

Астанада дәстүрлі «Еңбек жолы» конкурсы өтеді. Оған еңбек әулеттері, жас мамандар және еңбек өтілі 20 жылдан асатын тәлімгерлер қатыса алады.

Жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеясын насихаттау мақсатында ұйымдастырылатын «Еңбек жолы» конкурсына өтінім қабылдау 1 шілдеге дейін жалғасады. Конкурс «Үздік еңбек әулеті», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері», «Өндірістің үздік жас қызметкері» аталымдары бойынша өтеді. Толық ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады: 55-68-11, 55-68-34, 55-68-05 (Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы). Мекенжайы: Бейбітшілік көшесі, 9, 2-қабат, 220-кабинет, жұмыспен қамтуды үйлестіру бөлімі. Электрондық пошта: a.adilbekov@astana.kz, gulmira.kydyrbekova@astana.kz

№66 (4964) 06/06/2026 Сенбі





БЕТБҰРЫС КЕЗЕҢІ БАСТАЛАДЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ІСІНДЕГІ РӨЛІ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

ҚҰРМЕТТІ ФОРУМҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Ең алдымен, баршаңызды алқалы жиынның ашылуымен құттықтаймын! Қадірлі мейманларға осы форумға арнайы келгендері үшін алғыс айтамын. Сіздерді Астана төрінде көргеніме ризамын. Жаңа ғана форум тақырыбы бойынша өзекті ойлар мен құнды пікірлер айтылды. Алдағы уақытта Үкімет бұл жұмысты міндетті түрде назарда ұстайды. Шын мәнінде, бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша. Мемлекет пен қоғам тұтастығын нығайту – Қазақстан үшін алдыңғы қатардағы міндеттің бірі. Еліміз тұрақты дамуы үшін халық пен билік арасында өзара сенім және келісім болуы керек. Бұл – мызғымас қағида. Бірақ мұндай келісім өздігінен пайда болмайтыны анық. Қоғамдық келісім – көпқырлы табанды жұмыстың нәтижесі. Сондықтан мен Президент ретінде осы өте өзекті мәселеге баса мән беремін.

Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыра бастадық. Ашық диалог жүргізу, азаматтардың мұң-мұқтажын ескеріп, арыз-шағымына дер кезінде жауап беру елдегі түбегейлі өзгерістердің өзегі саналады. Осы маңызды жұмысқа биліктің әр деңгейдегі өкілдері, соның ішінде министрлер, әкімдер, депутаттар белсенді түрде қатысуы керек. Бұл – мемлекеттік қызметшілердің конституциялық міндеті. Соңғы жылдары мемлекетіміз аса ауқымды құқықтық және қоғамдық жаңғыру жолына түсті. Елімізде жаңа саяси мәдениет қалыптаса бастады. Біз өркениетті ел ретінде Заң мен тәртіп қағидатын ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналдыруымыз керек. Барша азаматтарға, әсіресе, жастарға заңды құрметтеу, заңға бағыну қажет екенін қарапайым тілмен жан-жақты түсіндірген жөн. Заңды қадірлеу, тәртіпті қолдау – әр адамның жарқын өміріне жол ашатын маңызды шарт.

Жалпыұлттық референдумда қабылданған жаңа Конституциямызда осы негізгі қағидат туралы анық жазылды. Қазақстанның Бас құжаты – барша азаматқа тең мүмкіндік беретін әділетті қоғамның мызғымас тұғыры. Адам және оның өмірі – еліміздің Ата заңына арқау болған басты құндылық. Конституцияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мемлекеттің басты міндеттері ретінде айқындалды. Түптеп келгенде, жаңа тұрпатты ел болу жолындағы әрбір реформа, ең алдымен, халықтың қалауымен, жұртшылықтың тікелей қолдауымен жасалады. Әрине, мұның барлығы бір сәтте жүзеге аспайтыны белгілі.

Өздеріңізге мәлім, мен 2019 жылы әкімшілік әділеттің жаңа үлгісін қабылдау қажеттігі жөнінде айттым. Бұл азаматтарымызды және кәсіпкерлерді билік өкілдерінің заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін жасалған аса маңызды қадам болды. Ал 2021 жылы елімізде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне енді. Мемлекет пен қоғам арасындағы байланысқа тың серпін берген «е-Өтініш» онлайн платформасы іске қосылды, яғни азаматтардың өтініштерін мейлінше ашық әрі тиімді қарап, жедел шешім қабылдау тәсілі қалыптасты. Бұдан бөлек, бұл жүйе бюрократиялық кедергілерді азайтуға және жұртшылықтың ой-пікірін ескеруге мол мүмкіндік берді. Осылайша, халық пен билік өкілдерінің қарым-қатынасы мүлде жаңа сипатқа ие болды. Соңғы бес жыл ішінде мемлекеттік органдарға шамамен 16 миллион өтініштің келіп түсуі – соның айқын көрінісі.

Сондай-ақ еліміздегі сот тәжірибесі үшін де бетбұрыс кезеңі басталды. Ашығын айтуымыз керек, бұған дейін азаматтар үшін мемлекеттік органдардың шешімдеріне және әрекеттеріне шағымдану, яғни өз құқығын қорғау оңай болмайтын. Әкімшілік әділет жүйесі іске қосылған соң жағдай түбегейлі өзгерді. Ең бастысы, күмән тудыратын мәселелердің бәрі әділетті түрде адал азаматтардың пайдасына шешілетін болды. Ал соттар дәлелдеме жинау жұмысына ерекше мән бере бастады. Бұл – мемлекеттік органдар өздерінің шешімдерін және әрекеттерін заң жүзінде дәлелдеуге міндетті деген сөз. Статистикаға қарайтын болсақ, соңғы жылдары сот шешімдерінің жартысынан көбі азаматтар мен бизнестің мүддесіне сай шығарылған. Бұл да әкімшілік әділет жүйесінің нақты нәтижесі екені сөзсіз. Осылайша, қоғамымыз «судьялар әрдайым билік өкілдерін жақтайды» деген қасаң пікірден арыла бастады.

Әкімшілік істер бойынша сот тәжірибесі мемлекеттік аппарат жұмысының сапасын айқындайтын сынақ болды. Оның нәтижесі сотқа деген сенімнің арта түскенін көрсетті. Әкімшілік әділет рөлі нығайып келеді. Кейбір азаматтар соттардың шешіміне наразылықтарын білдіріп, өз үміттері ақталмағандарын алға тартады. Бұл бұған дейін де болған, қазір де кездеседі. Мұндай шағымдардың көбі өкпе-ренішке немесе біржақты пікірге құрылады. Бірақ қандай жағдай болса да мұндай пікірлерді тексеріп, әділ шешім қабылдау керек. Сондықтан жаңа Конституцияда әкімшілік сот төрелігін сот ісін жүргізудің дербес нысаны ретінде бекітудің маңызы зор. Күн тәртібінде сотқа шағымданудың қасаң моделін сот ісін жүргізу тәуекелдерін стратегиялық басқаруға ауыстыру қарастырылып отыр. Үкімет қазірдің өзінде тиісті ережелерді әзірледі.

Енді орталық және жергілікті деңгейде әкімшілік актілер мен рәсімдердің бірізділігін қамтамасыз ету қажет. Бұрын келіп түскен шағымдар мен өтініштерде қаралған мәселелер қайтадан соттағы даудамай нысанасы болмауы керек. Әкімшілік тәжірибенің жүйелілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет. Жария құқықтық сипаттағы дау-дамайды әкімшілік сот төрелігі деңгейіне беру бойынша ауқымды жұмыс атқарылуда. Былтыр бұл қосымша құқықтық-нормативтік актілердің заңдылығын қарайтын істерді қамтыды. Бұған дейін мұндай дау-дамайға қатысты шешім азаматтық іс жүргізу нормаларына сәйкес қабылданып келген. Осының бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының нақты іс жүзіндегі көрінісі екені күмәнсіз. Еліміз сот жүйесі және құқық қорғау саласындағы түбегейлі реформалармен қатар ауқымды экономикалық өзгерістерді жүзеге асыруда. Мұның мемлекетіміз үшін маңызы айрықша. Іскерлік белсенділікті арттыру мақсатында, соның ішінде инвестициялық дауларды шешу үшін қолайлы құқықтық институционалдық орта қалыптасуда. Соның арқасында сот шешімдерінің 80 пайызына жуығы инвесторлардың пайдасына шығарылып жатыр. Мен отандық және шетелдік инвесторлармен кездесулер кезінде үнемі мына мәселеге айрықша назар аударамын: билік және бизнес өкілдері өзара сындарлы байланыс орнатуы керек, олар өзекті түйткілдерді ашық талқылап, шешу жолдарын бірлесе отырып іздеуі қажет.

Билікте отырған лауазымды тұлғаларға тапсырмам: әр даулы жағдайда мәмілеге келетін жолды іздеу керек, бірақ бұл жол заңнама жүйесіне нұқсан келтірмеуі қажет. Басқа сөзбен айтқанда, әр келісімнің заңдық шектеуі болуға тиіс. Атап айту керек, кассациялық соттарды құру бастамасы дәл осындай жиынның бірінде көтерілген болатын. Инвестиция тартудың тағы бір маңызды факторы бар. Астана халықаралық қаржы орталығында Сот пен Арбитраж орталығы ағылшын құқығы қағидаттарына сай жұмыс істейді. Елімізде Үкімет жанынан Инвестициялық штаб құрылған. Аталған штаб соңғы уақытта инвестициялық жобаларға қатысты түйткілді мәселелерді жедел шешу арқылы өзінің тиімділігін көрсетті.

Сонымен қатар Президент Жарлығымен Бас Прокуратурада Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды. Біз іскерлік және инвестициялық ахуалды жақсартуға барынша мүдделі мемлекет ретінде осы саладағы жұмысты айрықша назарда ұстаймыз. Қазір Қазақстан шетел инвестициясын тарту көрсеткіші бойынша біздің аймақта көш бастап тұр. Бірақ босаңсуға болмайды. Табанды жұмыс істеп, бұдан да биік белестерге ұмтылуымыз керек. Бұған еліміздің әлеуеті толық жетеді. Атап айтқанда, жаңа Конституцияға мемлекетіміздің инвестициялық қуатын күшейтуге арналған нақты нормалар қосылды. Соның ішінде қаржы саласына және «қарқынды дамитын қалаларға» арнаулы құқықтық режим енгізу туралы шешім қабылданды.

Баршаңызға мәлім, мен жақында «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» конституциялық заңға қол қойдым. Бұл маңызды құжатта «ақылды қалаға» тән дербес экожүйе қалыптастырудың құқықтық негізі бекітілді. Арнайы құқықтық режим мемлекеттік басқару мүмкіндіктерін кеңейтуді, соның ішінде сот жүйесінің ерекше жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Алдыңғы қатарлы реттеу құралдары үздік әлемдік тәжірибені енгізуге, озық инновациялық шешімдерді сынақтан өткізуге және осы бірегей жобаны жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайды жасауға мүмкіндік береді. Біздің басты мақсатымыз – Алатау қаласын болашақтың цифрлық агломерациясына, жаңа технологияларды тарту орталығына айналдыру. Мемлекет бизнес өкілдерімен ашық, өзара тиімді ынтымақтастыққа дайын.

Біз Заң мен тәртіпке бағынатын, баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру үшін ауқымды жұмыс атқарып жатырмыз. Сондықтан сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беріп отырмыз. Бірінші шілдеде еліміздің жаңа Конституциясы күшіне енеді. Осылайша, Қазақстан өз дамуының шешуші кезеңіне қадам басады. Мен бүгін бес конституциялық заңға қол қойдым. Бұл – жаңа Конституцияға сәйкес мемлекеттік басқару жүйесі «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде түбегейлі жаңғырады деген сөз. Осы құқықтық реформалар елімізде жасалып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге дем серпін бермек.

Сөз соңында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті әзірлеуге және оның нормаларын жүзеге асыруға атсалысқан барша азаматқа шынайы ризашылығымды білдіремін. Бүгінгі басқосуда әкімшілік әділет институтын нығайтуға қатысты маңызды ойлар мен ұтымды ұсыныстар айтылады деп сенемін. Сондай-ақ мен бүгін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына және еліміздің заңнамасын жетілдіруге елеулі үлес қосқан бір топ азаматқа мемлекеттік награда беру туралы шешім қабылдадым. Баршаңызға құтты болсын деймін.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢДАРҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар конституциялық заңға қол қойды.

1. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» конституциялық заңы. Құжат ҚР Президентінің құқықтық мәртебесін, өкілетін және қызметін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің құқықтық мәртебесін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды. Заңның басты жаңалығы – Вице-Президент институтының құрылуы. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Вице-Президент мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл барысында оның мүдделерін білдіреді және Президент айқындаған міндеттерді орындайды.

2. «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңы. Құрылтай – заң шығарушы билікті жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган. Ол партиялық тізім бойынша сайланған 145 депутаттан тұрады. Құрылтай депутатының өкілет ету мерзімі – 5 жыл. Органды мемлекеттік тілді жетік меңгерген депутаттар арасынан жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланатын Төраға басқарады.

3. «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» конституциялық заңы. Қазақстан Халық Кеңесі жоғары консультативтік орган саналады. Ол жалпыхалықтық диалогты және азаматтық қоғамның елдегі ішкі саясатты қалыптастыруға қатысуын қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Кең ауқымдағы өкілетке, соның ішінде заңнамалық бастама көтеруге және жалпыхалықтық референдум өткізуді ұсынуға құқығы бар. Кеңес құрамында тепе-теңдік қағидаты негізінде этномәдени және қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары мен қоғамдық кеңестерінің атынан 42 адамнан өкілдік етеді, оны Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Халық Кеңесіне Төраға басшылық жасайды. Халық Кеңесінің өкілет ету мерзімі – 4 жыл.

4. «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» конституциялық заңы. Бұл заң астананың жұмыс істеуі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және оның қызметінің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін айқындайды.



5. «Әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» конституциялық заң. Ол әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру және тарату, олардың шекараларын белгілеу және өзгерту, әкімшілік-аумақтық бірліктерді есепке алу және тіркеу, атаулар беру мен атауларды өзгерту тәртібін айқындайды.

№66 (4964) 06/06/2026 Сенбі

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ



Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің өкілдері елорданың Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы мен Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы нысандарына барып, олардың бүгінгі жұмыс барысымен танысты.

Райхан РАХМЕТОВА

Алдымен кеңес мүшелері қаладағы «Балам-ай» мүгедек балаларды қолдау қайырымдылық қоры ғимаратына барып, мұндағы 4 емдеу, оңалту орталығының жұмыс жағдайын білді. Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Таласова осы бағыттағы жұмыс барысын баяндады.

– Басқарма жыл сайын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша үкіметтік емес ұйымдарды қаржыландырады. Бүгінде қала бойынша өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдар үшін стационар, жартылай стационар және үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 8 ҮЕҰ жұмыс істейді. Орталықтарда әзірленген стандарттар шеңберінде қызметтердің толық кешені көрсетіледі. Үкіметтік емес мекемелер мынадай бағыттар бойынша бөлінеді: психоневрологиялық патологиясы бар балалар, аутизм спектрі бұзылған балалар және тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар, жалпы аурулары бар I, II топтағы мүгедектер және психоневрологиялық патологиясы бар I, II топтағы мүгедектер. Бұл мекемелер жыл сайын 3000-нан астам адамды қамтиды, – дейді А.Таласова.

Аталған ұйымдар аялдама, инватакси қажеттілігі, арнайы жер телімін бөлу бойынша мәселелерін ортаға салды. Одан әрі топ «Тұңғыш Президент» гүлзарына, «Ататүрік», «Жеруйық» парктеріне барды. Мұндағы жұмыстар туралы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы көгалдандыру және табиғатты пайдалану бөлімінің мамандары баяндап, парктердегі ағаштарды цифрландыру, яғни әр ағашқа құжат беру жұмыстары және басқа да көрсетіліп жатқан қызметтер туралы ақпарат берді.

Экология мәдениетін қалыптастыру – кез келген елдің басты мұраты. Осы орайда Астана қаласы Сарыарқа ауданының әкімдігінде Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану басқармасының ұйымдастыруымен Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.

ҮЗДІК ЭКОЛОГТАР МАРАПАТТАЛДЫ



Кештің шымылдығы әсем әнмен ашылып, құттықтау сөз Астана қаласы Экология департаментінің басшысы Мұрат Баетовке берілді. Ол өз сөзінде экология саласының қазіргі таңдағы өзектілігін және еліміздегі атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар табиғатты қорғау жолында еңбек етіп жүрген сала мамандары мен ардагерлерге шынайы алғысын білдіріп, мерекемен құттықтады. Іс-шара барысында Астананың экология жағдайын жақсартуға, жасыл белдеуді дамытуға және табиғатты қорғауға елеулі үлес қосқан бірқатар сала мамандары, экологтар мен ардагерлер марапатталды. Атап айтқанда, «Экология саласының үздігі» медалімен Нұра ауданының әкімі Ришат Тұрдыбеков пен Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов марапатталды. Басқа да бірқатар мамандар түрлі деңгейдегі марапаттарға ие болды. Соңында ұйымдастырушылар экология саласына үлес қосқан азаматтарға алғысын білдіріп, табиғатты қорғау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатынын атап өтті. Салтанатты жиын соңы мерекелік концерт бағдарламасына ұласты.

Асыл МЫРЗАҒАЛИЕВ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

«ТАРЛАН АСТАНА» АТАУЫ БЕРІЛЕДІ

Астана қаласының мәслихаты елорданың жеңіл рельсті көлік жүйесінің атауын өзгерту туралы ұсынысты мақұлдады.



Елорда мәслихатының кезектен тыс сессиясында жеңіл рельсті көлік (LRT) жүйесіне «Тарлан Астана» атауын беру ұсынылды.

Мәслихат отырысында Астана қаласы Тілдерді дамыту және мұрағат ісі басқармасы басшысының міндетін атқарушы Досжан Исабек бұл бастама қала тұрғындары, қоғамдық ұйымдар және Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы тарапынан түскен ұсыныстар негізінде әзірленгенін атап өтті.

– Қазіргі таңда LRT елорданың маңызды қоғамдық көлік желілерінің біріне айналып келеді. Сондықтан оны тек техникалық атаумен шектемей, қала тұрғындарына жақын, есте сақталатын және заманауи сипаттағы жеке атаумен атау қажеттігі туындап отыр, – деді ол.

Баяндамашының сөзінше, халықаралық тәжірибеде көлік жүйелеріне елдің мәдениеті мен ерекшелігін танытатын дербес атаулар беру кеңінен қолданылады. Мысал ретінде Ванкувердегі SkyTrain, Рио-де-Жанейродағы SuperVia, Ресейдегі «Сапсан» және Өзбекстандағы «Афрасиаб» жүйелері аталды.

Досжан Исабек жаңа атау нұсқалары қалалық ономастика комиссиясында қаралғанын айтты. Комиссия мүшелері «Сұңқар», «Алпамыс», «Құлан», «Аспан», «Тарлан» секілді бірнеше нұсқаны талқылап, қорытындысында «Тарлан Астана» атауын қолдаған.

– Қорытындылай келе, комиссия мүшелері LRT жеңіл рельсті көлік жүйесіне «Тарлан Астана» деген атауды беру ұсынысын қолдады. «Тарлан» атауы еліміздің тарихи-мәдени мұрасымен тығыз байланысты. «Тарлан» сөзі еркіндік, жылдамдық, күш-қуат, тектілік және сенімділік сияқты қасиеттерді айшықтайды. Бұл атау айтуға жеңіл, есте сақтауға оңай әрі заманауи көлік жүйесінің серпінін білдіреді. Сонымен қатар туристер мен шетелдік қонақтарға да түсінікті болады, – деді басқарма өкілі.

Ұсынысты мәслихат депутаты Бауыржан Смайылов та қолдады. Оның пікірінше, ұзақ жылдар бойы түрлі пікірталас өзегіне айналған жоба бүгінде елорданың жаңа келбетінің бір бөлігіне айналып отыр.

ЖАҢАРҒАН ЖАЙЛЫ АУЛА

Астананың Сарайшық ауданында ҚР Мемлекеттік рәміздер күніне орай К.Әзірбаев көшесі, 6 мекенжайында абаттандырылған ауланың салтанатты ашылуы өтті.

Аталған көпқабатты тұрғын үйдің ауласы «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жаңартылды.

– Биыл Сарайшық ауданы бойынша «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында барлығы 49 жоба ұсынылды. Оның ішінен сараптама кеңесі ережеге сәйкестігін тексеріп, 33 жобаны дауыс беру кезеңіне өткізді. Дауыс беру қорытындысы бойынша жобаны іске асыруды бастап кеттік. Биыл 13 ауланы абаттандыруды қолға алдық. Міне, көп дауыс жинаған, тізімде ең бірінші тұрған жоба К.Әзірбаев көшесі, 6 мекенжайындағы аула болды. Әуелде мұнда жасанды көгал мүлдем болмаған-тын. Заманауи жабын төселіп, жалпы аумағы шамамен 1200 шаршы метрді құрайтын жасанды көгал төселді және жаттығу алаңына көлемі шамамен 70 шаршы метр тартан жабыны салынды. Жобаны іске асыру барысында балалар ойын алаңының элементтері жаңартылып, шағын сәулет нысандары ауыстырылды, жаңа жаттығу құралдары орнатылды. Сонымен қатар футбол алаңында жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізілді, – деді аудан әкімі аппараты абаттандыру бөлімінің бас маманы Еламан Нөкербеков.

Бұдан бөлек, ауланың сыртқы жарықтандыру тіректері жаңартылып, жаңа көшеттер отырғызылған. «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жүзеге асқан жобаны тұрғындар да қызу қолдап, енді ұл-қыздарының алысқа бармай-ақ, көз алдында асыр салып ойнайтынына қуанышты екенін жеткізді.



СУ СЕЛҚОСТЫҚТЫ КЕШІРМЕЙДІ

Көктал-1 тұрғын алабының коммуналдық жағажайында судағы қауіпсіздік мәселелеріне арналған профилактика акциясы өтті. Ол шомылу маусымы кезеңінде тұрғындар арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, жазатайым оқиғалардың алдын алуға және су пайдалану қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмысын жүргізуге бағытталды.

Акция «Заң мен тәртіп» жалпыұлттық нарративі аясында Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімінің аппараты, прокуратура органдары және Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің бірлескен ұйымдастыруымен өтті. Іс-шара барысында мамандар тұрғындар мен қала қонақтарына су айдындарындағы қауіпсіздік талаптарын жан-жақты түсіндірді. Демалушыларға суға түсу кезінде сақталуы тиіс негізгі ережелер, балаларды қараусыз қалдырмаудың маңызы, рұқсат етілмеген орындарда шомылудың қауіптілігі және төтенше жағдай туындаған кезде әрекет ету тәртібі туралы мағлұмат берілді.

– Су айдындарында қауіпсіздік талаптарын сақтау – әр адамның өз өмірі мен денсаулығына ғана емес, отбасы мүшелері мен жақындарының амандығына да тікелей әсер ететін маңызды мәселе. Әсіресе жаз мезгілінде суға түсу кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін елемеу қайғылы жағдайға алып келуі мүмкін. Сондықтан азаматтарды сақтық танытып, балаларды қараусыз қалдырмауға, су жағасында жауапкершілікті күшейтуге шақырдық. Сондай-ақ рұқсат етілмеген жерлерде суға түсуге болмайтынын ескерттік, – дейді Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімі аппараты бөлімінің басшысы Дамир Хисматуллин.

№66 (4964) 06/06/2026 Сенбі



ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП, КӨШЕЛЕР КӨРКЕЙЕДІ

Елордада жол жөндеу жұмысы жалғасуда. Биыл жалпы ұзындығы 60 шақырымға жететін 50 көшені жөндеу жоспарланған. Бүгінде шұңқырларды, жаяу жүргіншілер жолдарын жөндеу, жол белгілерін салу жұмысы қатар жүріп жатыр.

Осы жылы жол жөндеу сәуір айынан басталды. Бүгінде қаланың көлік инфрақұрылымын жақсарту бағытында жүйелі жұмыс жүріп жатыр. Бұл туралы елорда әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Жыл сайын автобус паркі жаңартылып, жолдар жөнделіп, жаңа жолдар мен жолайрықтар салынуда, сол сияқты LRT іске қосылды. Бірқатар жол құрылысы нысанында атқарылып жатқан жұмыс барысымен таныстым. Биыл жалпы ұзындығы 60 шақырымға жететін 50-ге тарта көшеге жөндеу жүргізіледі» деді қала басшысы.

Айтуынша, қалада бірқатар жол-көлік инфрақұрылымы салынып жатыр. Мәселен, Н.Тілендиев даңғылы мен Ш.Бейсекова көшесінің қиылысында екі деңгейлі көлік айырығын салу жобасы аясында инженерлік желілерді тарту жұмысы 90%-ға орындалды. Монтаждау жұмысының барлық 8 кезеңі аяқталды, аралық құрылыстың дайындығы 95%-ды құрайды. Сондай-ақ жол төсемін салу және аумақты абаттандыру жұмысы жүріп жатыр. 2026 жылы аралық құрылымдарды монтаждауды аяқтап, әрі қарай учаскенің бүкіл бойына, оның ішінде негізгі жүру бөлігіне және съездерге асфальтбетон жабынын салып, жол төсемін төсеу жоспарланып отыр.

Тәуелсіздік даңғылының Қабанбай батыр даңғылынан Ұлы дала даңғылына дейінгі бөлігін салу жұмысы басталды. Бұл көше – сегіз жолақты магистраль.



«Аталған жол көліктерді өзге көшелерге бағыттау арқылы Мәңгілік ел мен Тұран даңғылдарындағы көлік ағынын азайтады деп есептейміз. Қазіргі уақытта 1-кезең – Тәуелсіздік даңғылының Қабанбай батыр даңғылынан Е485 көшесіне дейінгі бөлігін салу жұмысы жүріп жатыр. Инженерлік желілерді (сумен, электрмен, жылумен жабдықтау, кәріз) тарту жұмысы жүріп жатыр. Төле би көшесінің Р.Бағланова көшесінен Ұлы дала даңғылына дейінгі бөлігінің негізгі жүру бөлігіне асфальтбетон жабынының төменгі қабаты салынды. Жиектастар орнатылды, тротуарларды салу жұмысы ішінара орындалды» деді елорда әкімі.

Орташа жөндеу жұмысы мынадай мекенжайларда: Кенесары көшесі – Ә.Сембинов көшесінен М.Ғабдуллин көшесіне дейін, Абай даңғылы – Ә.Сембинов көшесінен Ш.Уәлиханов көшесіне дейін, Н.Тілендиев даңғылы – Қарталы көшесінен Баршын көшесіне дейін, С.Мұқанов көшесі – Баршын көшесінен айналма жолға дейін, Керей-Жәнібек хандар көшесі – Ә.Бөкейхан көшесінен Шерхан Мұртаза көшесіне дейін, А.Байтұрсынұлы көшесі – А-52 көшесінен С.Шаймерденов көшесіне дейін, М.Тынышбаев көшесі – А.Байтұрсынұлы көшесінен Ж.Нәжімеденов көшесіне дейін жүргізілуде.

Ш.Бейсекова көшесі мен Н.Тілендиев даңғылының қиылысында екі деңгейлі жол айырығын салу жұмысы жалғасуда. Нысанда инженерлік желілерді тарту және аралық металл құрылымын монтаждау жұмысы жүргізіліп жатыр. Биыл жыл соңына дейін құрылыс жұмысын аяқтау жоспарланып отыр. Қ.Мұхамедханов көшесінің құрылысы Ш.Айтматов көшесінен Қорғалжын тасжолына дейінгі аралықта жалғасуда.

«Өткен жылы бұл учаскеде көлік қозғалысы қамтамасыз етілген. Биыл жол салуды және іргелес аумақты абаттандыруды қоса алғанда, барлық жұмысты толықтай аяқтау жоспарланып отыр. Ш.Айтматов көшесінде сегіз жолақты магистралды жол арқылы көлік қозғалысы қамтамасыз етілді. Ш.Айтматов көшесінің ашылуы нәтижесінде Тұран және Қабанбай батыр даңғылдары, сондай-ақ Сығанақ пен Қ.Мұхамедханов көшелері сияқты негізгі магистралдарда көлік ағыны едәуір азайды, бұл қаланың жаңа бөлігі үшін аса маңызды. Сонымен қатар биыл абаттандыру, бағдаршам орнату және электрмен жабдықтау, нөсер кәрізі желілерін тарту жұмысы жалғасады» деді Жеңіс Қасымбек.

Қазіргі уақытта Тәуелсіздік даңғылының Қабанбай батыр даңғылынан Е485 көшесіне дейінгі учаскесінің аралығында жұмыстың бірінші кезеңі жүзеге асып жатыр. Жол салу аумағында нормативтік талаптарға сәйкес коммуналдық желілерді (сумен, электрмен, жылумен жабдықтау, кәріз) төсеу жұмысы жүргізілуде. Сондай-ақ Ұлы дала даңғылының (А-52 көше) Ш.Қалдаяқов көшесінен Қордай көшесіне дейінгі учаскесінде құрылыс жұмысы жалғасуда. Осыған дейін Ш.Қалдаяқов көшесінен А.Байтұрсынұлы көшесіне дейінгі аралықта көлік қозғалысы қамтамасыз етілген. Қазіргі уақытта осы учаскеде жолдың жоғарғы қабатын салу арқылы абаттандыру жұмысы қолға алынды.



ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Астана қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті жыл басынан бергі жұмысын қорытындылады.

Департамент басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Гүлзада Алматбаеваның айтуынша, қаңтар-мамыр айлары аралығында ведомствоға азаматтардан 5184 өтініш келіп түскен. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 41%-ға көп. Өтініш санының артуы тұтынушы құқығын қорғаудағы белсенділіктің артқанын және тауар мен қызмет нарығындағы даулы жағдайдың көбейгенін көрсетеді.

Өтініштерді талдау нәтижесі бойынша шағымның басым бөлігі бөлшек және электрондық сауда саласына қатысты болған. Атап айтқанда, бөлшек саудаға байланысты 1286 өтініш түсті, бұл – өтініштердің төрттен бір бөлігі. Ал 939 өтініш электрондық сауда саласына тиесілі.

Тұтынушылардың негізгі шағымы: сапасыз тауар, тауарды қайтарудан немесе айырбастаудан бас тарту, жеткізу мерзімінің кешігуі, сонымен қатар қызмет көрсету сапасының төмендігі мен тауарлар туралы ақпараттың жеткіліксіздігі, әсіресе қашықтан сатып алу кезінде жиі кездесетін мәселелер.

Мамандар электрондық коммерция саласында шағымның саны жоғары екенін, сондай-ақ шағымдардың басым бөлігі тауардың жеткізілмеуі, сатып алынған өнімнің сипаттамасына сәйкес келмеуі және ақшаның уақытылы қайтарылмауына қатысты болғанын атап өтті.

Азаматтардың өтініші бойынша 1087 жағдайда заңнаманы қолдану мәселесі бойынша түсіндіру жұмысы жүргізілген, ал 2438 жағдайда тұтынушы құқығы қалпына келді. Олардың ішінде 665 өтініш беруші дауды өзара келісімге келуіне байланысты өтінішін қайтарып алды. Нәтижесінде тұтынушыларға жалпы сомасы 196,8 млн теңге көлемінде қаражат қайтарылған. Сондай-ақ 1126 өтініш құзыретті мемлекеттік органдарға жолданған, ал 533 өтініш қаралу сатысында тұр. Көп жағдайда кәсіпкерлер тұтынушы шағымын сотқа жеткізбей-ақ ерікті түрде орындап, қаражатты қайтарып немесе шартта көрсетілген міндеттемесін орындағанын атап өткен жөн.

Жылдың алғашқы бес айында тұтынушы құқығын қорғау саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін 66 кәсіпкер әкімшілік жауапқа тартылған. Салынған айыппұл сомасы 2141863 миллион теңгеден асты. Бұл құқық бұзушылықтарға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес шара қабылданды.

Тұтынушы құқығы бұзылған жағдайда не істеу керек дегенге келсек, департамент дауларды сотқа дейінгі тәртіппен шешудің маңызын еске салады. Құқығыңыз бұзылса, алдымен сатушыға, қызмет көрсетушіге немесе өндірушіге жазбаша талап-арыз жолдауыңыз қажет. Егер 10 күнтізбелік күн ішінде жауап берілмесе немесе талап қанағаттандырылмаса, департаментке жүгінуге құқылысыз. Ол үшін талап-арыз көшірмесін, оның жіберілгенін немесе тапсырылғанын растайтын құжаттарды, шарт көшірмесін, төлем құжатын және құқық бұзушылық фактісін растайтын өзге де материалды ұсыну қажет. Сонымен қатар тұтынушы сот арқылы құқығын қорғап, қаражаттың қайтарылуын, келтірілген шығын мен моральдық залалдың өтелуін талап ете алады.



Департамент БАҚ, әлеуметтік желі және жеке кездесу арқылы азаматтар мен бизнес өкілдерін тұрақты түрде ақпараттандырып келеді. Әсіресе электрондық коммерция саласында құқық бұзушылықтың көбеюі, қашықтан сатып алу кезіндегі даулар және кәсіпкерлердің заң талаптарын білмеуі мәселесіне баса назар аударылған. Бұл ретте елордалық фискалды орган кәсіпкерлерге бақылау-касса машиналарын қолдану міндетті екенін еске салады.

Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



ҚОҚЫС КӨП, ӨҢДЕУІ АЗ

Кейінгі жылдары елімізде қоршаған ортаны қорғау мен қоғамдық мәдениетті қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынды. Соның бірі – «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы. Оның аясында қалаларда сенбіліктер ұйымдастырылып, көшелер мен саябақтар тазартылып, аулалар абаттандырылуда. Бұл бастаманың нәтижесін ел тұрғындары күнделікті өмірде көріп те жүр. Алайда акцияның игілігі барлық өңірге бірдей жетті деуге әлі ерте.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Әсіресе ауылдық жерлердегі ахуал ойлантады. Көптеген елді мекендерде тұрмыстық қалдықтар әлі күнге дейін ауыл шетіне немесе далаға төгіледі. Арнайы полигондардың талапқа сай болмауы, қоқыс сұрыптау жүйесінің жоқтығы және бақылаудың әлсіздігі мәселені күрделендіріп отыр. Жел тұрған күні ауыл маңындағы үйінділерден ұшқан полиэтилен пакеттері мен пластик қалдықтар айналадағы алқаптарды ластап, табиғаттың сәнін кетіреді. Бүгінде Қазақстанда ресми тіркелген үш мыңға жуық тұрмыстық қалдық полигоны бар, бірақ соның 60-тан астамы ғана (20,4 пайызы) санитарлық-экологиялық талаптарға сай, қалған 80 пайызы нормаға сәйкес емес жағдайда тұр. Кейбір аймақтарда жағдай өте күрделі.

Қазақстанда тұрмыстық қатты қалдықтардың өте аз бөлігі ғана сұрыпталып, қайта өңдеуге жіберіледі. 2024 жылы бұл көрсеткіш 26 пайыз шамасында болды (әр төрт тонна қоқыстың үш тоннасы қайта өңдеу тұрмақ, сұрыпталмаған күйі қалуда), 2030 жылы бұл көрсеткішті 40 пайызға жеткізу межесі тұрса да, іс жүзінде оны орындау қарқыны тым бәсең болып отыр.

Мәселені шешу үшін, ең әуелі, ауылдық жерлердегі қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту қажет. Әр елді мекенде талапқа сай қоқыс полигоны болуы тиіс. Танымал демалыс орындары мен көл жағалауларына санитарлық тораптар орнатылып, қоқыс контейнерлері жеткілікті көлемде қойылып, тұрақты тазалануы қажет. Сонымен бірге экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған түсіндіру жұмыстары үздіксіз жүргізілгені жөн.

«Таза Қазақстан» тек қала көшелерін тазалаумен шектелмеуі керек. Оның басты мақсаты – еліміздің әрбір ауылы мен әрбір табиғи аймағын таза ұстау мәдениетін қалыптастыру. Қала да, дала да, көл жағасы да – бәрі біздің ортақ үйіміз. Табиғатты қорғау әркімнің өзінен басталғанда ғана Қазақстан шын мәнінде таза елге айналады.

Жаз мезгілі басталып, халық табиғат аясына, көл жағасына жиі шығатын кезең де келді. Бірақ демалыс орындарының көбінде қарапайым санитарлық жағдай жасалмаған. Көптеген көлдер мен өзен жағалауларында ағаштан жасалған қоқыс жәшіктері орнатылғанымен, олар уақытында тазаланбайды. Соның салдарынан қалдықтар жан-жағына шашылып, жағалауды ластайды. Бұл жағдайдың тағы бір қыры бар. Табиғат аясында демалған азаматтардың біразы қалдықтарын жинамай кетеді. Нәтижесінде көл жағалаулары мен орман-тоғайлар біртіндеп бейберекет қоқыс алаңына айналып барады. Сондықтан экологиялық мәдениет тек мемлекет пен әкімдіктің міндеті емес, әр азаматтың жауапкершілігінен басталатынын ұмытпауымыз керек. Табиғат жанашырлары арасында өздері шығарған қоқысты арнайы пакеттерге жинап, кері қайтар жолда қаладағы немесе ауылдағы қоқыс контейнерлеріне әкеп тастайтындары да көп. Бұл – өзгеге үлгі болатын жауапты әрекет. Өйткені табиғатқа тасталған бір бөтелке немесе пакет ондаған жылдар бойы жойылмай, қоршаған ортаға зиянын тигізетінін әлдеқашан дәлелденген ақиқат.

Қазір елімізде ғана емес, тұтас әлемде қоқысты қайта өңдеу мен сұрыптау экологиялық саясаттың маңызды түйініне айналып отыр. Өйткені тұрмыстық қалдықтардың көлемі жылдан-жылға артып, қоршаған ортаға түсетін салмақ та барған сайын күшейіп келеді. Сондықтан дамыған мемлекеттер қоқысты полигондарға көме беруден гөрі, оны қайта өңдеп, екінші шикізат ретінде пайдалануға басымдық беруде. Бұл бір жағынан табиғи ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан экологияға келетін зиянды азайтады. Қазақстан да бұл бағыттарға басымдық бергенімен, қалдықтарды басқару жүйесінде шешімін таппаған мәселелер аз емес. Әсіресе қоқысты бастапқы кезеңде сұрыптау мәдениетінің толық қалыптаспауы, қайта өңдеу кәсіпорындарының жеткіліксіздігі және үлкен қалалардан басқа өңірлерде қоқыс өңдеу зауыттарының жоқтығы, сондай-ақ елді мекендердегі заңсыз қоқыс орындарының әлі күнге дейін жойылмауы саладағы жағдайды күрделендіріп отырғаны жасырын емес.



Қазір елорданың өзінде «Astana Recycling Plant» ЖШС деген қоқыс өңдейтін жалғыз зауыт ғана бар. Оған тек Астананың қоқысы ғана емес, қала іргесінде Қосшы, Қоянды сияқты қала, ауылдардың да қоқысы жеткізіледі. Соның салдарынан бұл зауыт өз өңдеу мүмкіндігінен екі есе артық жұмыс істеп тұр. Онда қалдықтар сұрыптаудан өткеннен кейін қоқыс полигонына тасымалданады. Қалада бір ғана рұқсат етілген қоқыс полигоны бар, ол 2 ұяшықтан тұрады. Бірінші ұяшық консервацияланған, ал екінші ұяшық 2018 жылдан бері пайдаланылып келеді және 2,2 млн тонна ТҚҚ-мен толтырылған. Ендігі мәселе қатты қалдықтарды қалай бір жайлы етеміз деген түйінге келіп тіреліп тұрған. Осы бағыттағы маңызды жобалардың бірі жуырда бастау алды. Қала әкімі Жеңіс Қасымбектің мәліметінше, елордада қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеп, электр энергиясын өндіретін заманауи экопарк салынбақ. Жылына 550 мың тоннаға дейін қоқыс өңдеуге қауқарлы кешен қалдықтарды көму көлемін азайтып қана қоймай, оларды энергия көзіне айналдыруға мүмкіндік береді. Мамандардың есебінше, зауыт іске қосылғаннан кейін жыл сайын жүздеген миллион киловатт-сағат электр энергиясы өндіріліп, оның басым бөлігі қаланың энергетикалық жүйесіне жіберіледі. Бұл жоба – қалдықтарды тиімді басқару мәдениетін қалыптастыруға, экологиялық жүктемені төмендетуге және «жасыл экономика» қағидаттарын орнықтыруға бағытталған нақты қадамдардың бірі.

Қорыта айтқанда, қоқыс мәселесін шешудің бір ғана жолы жоқ. Қалдықтарды қайта өңдеу де, энергия өндіру мақсатында кәдеге жарату да – заманауи әлемде қатар қолданылып келе жатқан тәсілдер. Алайда олардың қай-қайсысы да қоқысты сұрыптау мәдениетінсіз толық нәтиже бере алмайды. Сондықтан мәселе қоқысты өртеу ме, әлде сұрыптау ма деген таңдауда емес, қалдықтарды басқарудың тұтас әрі тиімді жүйесін қалыптастыруда жатыр. Ол үшін мемлекет инфрақұрылымды дамытып, өңдеу кәсіпорындарын көбейтсе, әрбір азамат қоқысты жауапкершілікпен жинап, табиғатқа жанашырлық танытуы қажет. Сонда ғана «Таза Қазақстан» бір реттік акция емес, қоғамның өмір салтына айналып, еліміздің экологиялық қауіпсіздігі мен келер ұрпақтың жарқын болашағына қызмет ететін болады.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

21.05.2026 №510-1750

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласы «Алматы» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Аумақты абаттандыру және саябақ» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, №23 үй ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,3261 га, жер учаскелері 2026 жылғы 7 шілдеден бастап 2027 жылғы 7 шілдеге дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы «21_» 05 № 510-1750 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
	21-318-037-333	«ELAY Construction» ЖШС	3261	3261	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Шәкәрім Құдайбердіұлы даңғылы, №23/1 учаске	Кіріктірілген үй-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенінің аумағын кеңейту және салу	17.05.2027ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану

№66 (4964) 06/06/2026 Сенбі

ЖУРНАЛИСТ ЖЕМІСІ



6.06.2026. Алтылықтар тоғысқан осы күні қолдарыңызға газетіміздің 66-нөмірі тиіп отыр. Бұл – бірінші сәйкестік. Екіншіден, дәл осы сенбіде 66 жылы дүниеге келген елге танымал бір азамат асқаралы алпыс жасқа толды. Әңгіме – белгілі журналист, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығы мен ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, «Egemen Qazaqstan» газетінің бас редакторы Ғабит Мүсіреп туралы.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Жалпы «6» саны Ғабит Іскендерұлының өмірінде ерекше орын алады. Алтыншы айдың алтысы күні, қос алтыны біріктірген Жылқы жылы туғанымен қатар, осы сан жақсылықтарға жетелеп келе жатыр. «Өзіне құт көріп, ырысы мол ырымға балайтынындай-ақ, Ғабиттің өмірінде «алтылықтың» құны алтынмен бағаланатыны рас» дейді кейіпкеріміздің барлық сырын білетін курстасы Серікқали Мұқашев.

Қаламгер курстасының сөзін әрі қарай тарқататын болсақ, Ғабит Мүсіреп – «атадан – алтау», яғни алты ағайынды. «Алты жасында таңдайы тақылдап тақпақ тұрмақ, тарихи дастанды жатқа айтып, жазудың «жанын жарқылдатқан» оның КазГУ-дің журфагына да алуан түрлі себептің арандатуымен алтыншы айналымнан ғана бағы жанып, оқудың жілігін, «подкурсты» қосқанда, алты жыл бойы кемірген. Басқаны былай қойғанда, Ғабаңның ақылына көркі сай болашақ жарының да Гоголь көшесіндегі Сұлулар институты жатақханасының №6 бөлмесінен кездескенін қараңыз... Бұл аз десеңіз, Астанада алғаш қоныс тойын тойлаған үйінің де, одан бұйырған алтын ұясы – пәтерінің де, онда қойдырған телефонның да нөмірлері «алтыдан» басталып, «алтымен» аяқталатындығы тағы бар» деп жазған еді Серікқали Мұқашев «Біздің Ғабит Мүсіреп» атты мақаласында.

Біздің бұған қосарымыз, «6» саны математикалық тұрғыдан алғанда толық (бүтін) сан болып саналады. Сонымен қатар, өзінің бөлгіштерінің (1, 2 және 3) қосындысына тең болғандықтан, «кемел (толық) сан» деп те аталады. Қазір трендке айналған ЖИ-ден бұл сан туралы сұрағанымызда осылай деп жауап берді. Иә, Ғабит Іскендерұлы қазір нағыз кемел шағында тұр. Жастайынан таудай талап танытып, осы күндерге жетті. Екінші курста оқығанында-ақ «Өркен» республикалық студент-жастар газетінде өндірістік практикадан өтіп, басылым басшысы Алтынбек Сәрсенбайұлы талантын тап басып, қызметке қабылдады. Ал оқуды бітірер бесінші курста «Егемен Қазақстан» газетіне келді. Арада басқа басылымдарға барғанмен, ақырында бас газетке қайтып оралып, тізгінін қолына алды.

Айтпай кетпеске болмайтын бір жайт, «Егемен» редакциясы елордаға қарай бет бұрғанда көштің алғашқы легімен Астанаға Ғабит Мүсіреп те келді. Осында дүниеге келген екінші перзентіне журналистикадағы ұстаздары Ержұман Смайыл мен Рысбек Сәрсенбайұлының ұсынысымен Астанай есімін берді. Осы мысалдан-ақ оны бас қаланың патриоты деп атауға болады. Жақсы шәкірт болып қалмай, елордада қазір біраз танылып қалған жас журналистерді тәрбиеледі. Біз танығанда Ғабит Іскендерұлы «Нұр Астана» газетінің бас редакторы еді. Осы басылымнан Арнұр Асқар, Ғанибет Ғалымбекұлы, Айбек Тасқали, т.б. жігіттер өсіп шықты. Қазір де жас журналистер «Егемен» қабырғасында Ғабит Мүсірептің мектебінен өтіп, шыңдалып жатыр.

Кейіпкеріміздің өмір жолына үңілгенде, «Айқара» газетінің бас редакторы, «Рауан» баспа үйі» ЖШС-нің бас директоры әрі бас редакторы болғанын да айта кеткен жөн. Осы күндерге дейін «Рухыңды түсірме, ұлым», «Тарихты тұлғалар жасайды», «Тоғызыншы территория» атты публицистикалық жинақтары жарық көрді. Қай тақырыпты, қоғамдық-саяси, рухани-мәдени, әдеби салаларды алсаңыздар да, Ғабит Іскендерұлының қаламы жорғалай кетеді. Мәселен, Мәдениет және ақпарат министрлігінің бағдарламасымен соңғы шыққан «Тоғызыншы территория» кітабында танымдық, сараптамалық мақалалары топтастырылды. Мұндағы туындылар тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің рухани және саяси қалыптасу кезеңін, ұлттық құндылық ерекшелігін, тарихи тұлғалар болмысын, тарихи тамырлар сабақтастығын қамтиды. «Талап пен таным», «Ел мен ер», «Желтоқсан жаңғырығы», «Тоғыздыққа тиген тоқсан жол» атты төрт бөлімді еңбек ұлт тағдырына, ел мәселесіне қызығушылық танытатын оқырманды бейжай қалдырмайды.

> Кейіпкеріміздің өмір жолына үңілгенде, «Айқара» газетінің бас редакторы, «Рауан» баспа үйі» ЖШС-нің бас директоры әрі бас редакторы болғанын да айта кеткен жөн. Осы күндерге дейін «Рухыңды түсірме, ұлым», «Тарихты тұлғалар жасайды», «Тоғызыншы территория» атты публицистикалық жинақтары жарық көрді. Қай тақырыпты, қоғамдық-саяси, рухани-мәдени, әдеби салаларды алсаңыздар да, Ғабит Іскендерұлының қаламы жорғалай кетеді

Бұл кітапты талдамай-ақ қояйық, кезінде бұл кітап туралы белгілі журналист Кәрібай Мұсырман жақсы пікір жазды. «Тоғызыншы территория» кітабы оқырманды ойға қалдырмай, толғандырмай қоймайды. Әсіресе қазіргі алмағайып заманда оң мен солын айыра алмай, ғаламтордағы арандатушылардың ауыздарына келгенін айтқан сұрқия сөздеріне еріп, адасып жүрген албырт жастар мен аңғал ағайынның көзін ашарлықтай дүниелер кеңінен қамтылған. Сондай-ақ жинақ – журналистиканың шеберлік шыңын бағындыруды мақсат тұтқан кейінгі толқын үшін маңызды оқулық боларлықтай құнды еңбек» деп түйіндейді бұл кітап туралы пікірін қаламгер.

Бірақ Ғабит Мүсіреп екеумізге ортақ кейіпкер жайында аз-кем айта кетейік. Бұл – ұлты басқа болса да, мемлекетқұраушы қазақ ұлтының мүддесіне қызмет еткен Александр Княгинин. Ол Жоғарғы кеңес депутаты болған еді.

«Тіл туралы» заң елімізде алғаш рет 1989 жылдың 22 қыркүйегінде қабылданды. Ол уақытта Кеңес Одағы тарамаған. Қазақстан да КСРО құрамында болды. Заңда қазақ тілі мәртебесі мемлекеттік тіл ретінде айқындалды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қабылданған тұңғыш Конституцияда да «мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп анық жазылды. Сол кезде Жоғарғы Кеңес депутаттарының арасында орыс тілін алдыға, жетекші орынға шығарғысы келгендер болды. Бірақ бұларға Александр Княгинин қосылмады. Ол керісінше, қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып қабылдануын жан-тәнімен құптап, соған дауыс берді. «Қазақ тілі тек қана осы жерде, Қазақстанда өмір сүріп, гүлденеді. Қазақтарға ана тілдерін қайтару керек. Олай болмаған жағдайда одан айырыламыз» деді Княгинин сол кездегі жиындардың бірінде сөйлеген сөзінде.

Осындай азаматтың ел үшін сіңірген еңбегі жайлы Ғабит Іскендерұлы жеріне жеткізіп жазды. Елорданың «Шұбар» тұрғын алабында Александр Княгинин көшесі бар. Бірақ осымен тоқтамау керек деп есептейді қаламгер. «Әйтсе де, тәуелсіз елдің қалыптасуына айрықша үлес қосқан Княгининді жан-жақты насихаттау артықтық етпейтіні сөзсіз. Болашақ ұрпақтың бойына княгининдік қасиетті сіңіре білген абзал. Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік тілді, отаншылдықты, мемлекеттілікті насихаттау барысында Александр Княгинин атындағы арнайы сыйлық тағайындаса, керемет болар еді» деп жазды Ғабит Мүсіреп өзінің мақаласында. Жөн сөз, ескерілуге тиіс ұсыныс.

Княгинин демекші, Ғабит Іскендерұлымен бір күні әдебиетте үлкен із қалдырған тұлғалар дүниеге келді. Әлем әдебиетін айтқанда, Александр Пушкин мен Томасс Манн туған. Көрнекті ақын Кеңшілік Мырзабековтің туғанына дәл осы күні 80 жыл толды. Сол Кеңшілікті жанына ертіп, еркелеткен ақиық ақын Мұқағали Мақатаев кейіпкерімізбен аттас классик жазушыға арнаған өлеңінде «Ғабеке, Анда-санда сізді көрем, Сізді көрсем жомарт бір күзді көрем» дейді. Осыдан он жыл бұрын Ғабит Мүсіреп ердің жасы елуге толғанда жазған мақаламызда соны келтіргенбіз. Сонда «Кең пішілген тұлғасы ғана емес, публицистің осы күндерге дейін жазғаны бізге жемісін үйіп-төккен жыл мезгілінен елес береді» деп жаздық. Соған қосарымыз, журналистикадағы жемісіңіз азамайсын, Ғабит аға! Мерейлі жасыңыз құтты болсын!

(Суретті түсірген – А.ҚАРШЫҒАҰЛЫ)

СУРЕТСӨЗ

ҚОҢЫР ҮН

(Алақандай эссе)

Кездессем ұрлана қараймын,
Асаудай тулайды жас жүрек.
Мен сені жаныма балаймын,
Сен үшін менде бар бір тілек...
(«Жас қалам» әнінен)

Алыста қалған сағым жылдарымыз көз алдымызға елестесе болды, құлағымызға Қорабайдың қоңыр үні келеді. «Гитараның мұңды үні, Құрбы қыздың күлкісінің сыңғыры, Ештеңе әсер етпейді, Менен жырақ кет мейлі...», – деп біздің қатарласымыз, ақын Гүлбаһрам Жебесінова жырлағандай, оның әсері бөлек-ті. Теңіз жағасындағы ауылға тұтқасын кемпірауызбен бұрап, төбесінен тоқпақтап ұрып көретін томпақ телевизор әлі келе қоймаған кез. Сондықтан ертелі-кеш Қорабай ағам қазақ радиосынан бар дауысымен аңыратады да жатады. Қорабай «Жас қаламға» басқанда мәужіреген әжелеріміздің жанары жасаурайды. Қабағы қатты әкелеріміздің жүрегі жібиді. Екі-үш үйдің арасында тәпішкісін сүйретіп, бұрандап билеп жүретін әпкелеріміздің жүзіне қан жүгіреді. Әншейінде бір шаруаға кіріскен құрлы бәлсініп бітетін жеңгелеріміздің де жүрісі ширап, қимылы жылдамдаңқырап кетеді. Соған қарап бала болсам да, Қорабайдың қоңыр дауысы біздің Қаратереңнің қозғалысы баяу жұртына генератор секілді өзгеше күш беретінін байқап қаламын.

Қорабай барша көрерменнің алдында бақырып-шақырып бірер жыл жүріп, сахнадан жылыстай жөнелетін бүгінгі кейбір әншілер секілді қара үзіп кеткен жоқ. Оның әсем радионың қара шанағынан саз сауалатып тұратын Қорабайдан басқа ешкімді көзіміз көрмейтін еді. «Мәтін де өзі, мән де өзі, Әуен де өзі, ән де өзі, Сәулет те өзі, сән де өзі...» еді менің Қорабай ағам... Оның қоңыр дауысы алыс-жақында жүргеннің бәрін кешкі клубтың алдына жіпсіз байлайтын. Кеудесіне желік кірген қыз-жігіт Қорабайдың әуезді әуеніне ілесіп, «алаулап күн батса, қырды асып» кететін. «Айтатұғын аузынан сөзі қашып, Бозбала тұр өзі аңқау, өзі ғашық. Қақпа алдында қонаққа еті үйренген, Қара төбет қарайды көзін ашып» деп жырлаған Қадыр ақынның кейіпкері көрші үйдің ауласына өзін жетектеп әкелетін батылдықты Қорабайдың әнінен алар еді. Ұлылардың рухы кешірсін, біз «Майраның әні», «Әміреннің әні» дегенді дәл өз заманымыздағы «Қорабайдың әні» дегендей жүрекпен сезініп айта алмаған сияқтымыз.

Х-о-о-ош, сол Қорабайды өмірімізде көрмеппіз. Көргіміз келген адамның бірі сол еді әрине. Кездесетінімізге шүбәміз болған жоқ. Несі бар, ертең мектеп бітіріп, алып ұшып Алматыға жетіп бармаймыз ба? Сонда ол Қорабайың Алатаудың етегінде гитарасын арқалап жүрмей ме? Біріншіден, Қорабайды күндіз-түні сахнадан шықпайтын, гитарасын жастанып, микрофонын қолтығына қысып ұйықтайтын кәсі-



дауысы, әсерлі сазы біздің ауылды талай жыл баурап тұрды. Қорабайдың қоңыр үнімен ағаларымыз ер жетті. Әпкелеріміз бой жетті. Қоңыр үнмен біз де есейдік. Жасыратыны жоқ, кейде үйдегі үлкендердің «Әй, көксоққан, Қорабайды тыңдай бергенше, қораны тазаласаңшы» дегенін де естіп өстік. Қораны да тазалап, Қорабайды да тыңдап жүріп, мұртымыз тебіндеген бозбалаға айналдық. Бозбалаға айналған соң, бойжеткеннің қорасына көз салдық. Сол кезде Қорабайдың әдемі әуені бұрынғыдан да сазды, бұрынғыдан да сиқырлы бола түсті.

Жыр алыбы Жамбыл көкем «Менің пірім – Сүйінбай» деп толғаса, сол тұстағы біздің піріміз де, іріміз де Қорабай еді. Жатып-ақ «Жас қаламды» жаттадық. Жаппай гитара үйрендік. Қорабайға еліктеп ән салдық. Бірақ жақсы әнші де, жөнді гитаршы да шықпады бізден. Гитаршы болғаннан гөрі итаршы болған оңайлау секілді көрінді. Өйткені, бойымызда таланттан басқаның бәрі бар еді...

«Жас қаламның» сөзін Қорабай Есеновтің өзі жазды ма, әлде кейін айтылып жүргендей, Алтайдың арғы жағынан келген мәтін бе, онда біздің шаруамыз шамалы-тын. «Дүние де өзі, мал да өзі...» деп Абай атам айтқандай, бағана басындағы би әнші деп ойлаппыз. Екіншіден, әнші атаулының бәрі Алматыда тұрады ғой деп қапысыз сеніппіз. Жоқ олай емес екен. Алатаудың етегінде алғашқы қыстайтын жылы «Ау, Қорабайларыңды көрсетсеңдерші» десек, Жезқазған жақтың жаны жайсаң жігіттері жымың-жымың етеді. Сөйтсек, Қорабай Есенов өнерге бір бүйірден қосылған, бірақ ешкімге есесін жібермеген өзге саланың маманы екен. Ол тіпті ару Алматының да тұрғыны емес көрінеді. Оның үстіне Қарағанды өңіріндегі үлкен бір мекеменің бастығы дейді. «Е-е-е...» дедік. Жастық пен бастық ұғымдары онша қабыспайтын заман... Содан қайтып Қорабайды іздемедік. Тек сыртынан амандығына тілеулес болдық та жүрдік. Есесіне «Жас қаламнан» ажырамадық. Әлі күнге дейін ыңылдап айтып жүреміз. Себебі, жылдарды жалғаған «Жас қалам» біздің жалаулы жастығымыздың берекелі бойтұмары-тұғын... Ал әдемі әуенімен бала көңілімізді алақұйын еткен Қорабай ағаммен күні бүгінге дейін кездесудің сәті түскен жоқ. Түсер бір күні... Ештен кеш жақсы...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

(Суретті түсірген – Шүкір ШАХАЙ)

ҰЛЫБРИТАНИЯ ЖАЗБАЛАРЫ



> Ұлыбританияға келіп, «Болашақ» бағдарламасы бойынша он айлық ғылыми тағылымдаманы бастап кеткенімізге де біраз айлар өтіпті. Осы уақыт аралығында жат елдің мәдениеті мен өмір салтынан біраз дүниені көңілге түйіп, зерделеге тоқыдық. Әлбетте, оның бәрін хатқа түсіру мүмкін емес. Бірақ солардың арасынан бізге үлгі болады-ау деген ең негізгі ойларды сығымдап, «Астана ақшамының» оқырмандарымен бөлісуге асықтым.

Біріншіден, мамандық білімін берумен қоса, адамдық ілімін беруге тырысатыны ұнады. Қазіргі заманауи пәнаралық түйткілдер мен жалпығылыми мәселелерге, ғаламдық проблемаларға қатысты студенттер мен оқытушыларға арнайы дәрістер ұйымдастырады екен. Сол арқылы «жұмсақ дағдыны шыңдау» үрдісі жолға қойылғанын аңғардым. Сонда әр адам тек өз саласының хас шебері болуды ғана ойламайды, одан басқа да маңызды құндылықтар туралы көзқарасты қалыптастырады. Заманмен үндеседі, қоғамның белсенді мүшесі ретінде міндет алып, өз ортасындағы замандастармен мақсаттас болып, ұйыса түседі. Мен куә болған ондай ортақ дәріс тақырыптары: трансформативті климаттық білім (Transformative Climate Education); академиялық кәсіпкерлік (Academic Enterpreneuralism); әлеуметтік әділдік (Social Justice). Студенттердің бойына экологиялық мәдениетті, заманауи этиканы, ғылым, жеке өмір мен өндірісті тиімді үйлестіру дағдыларын осылай да сіңіретінін көрдім.

Екіншіден, бұлардың әлемдік беделді ғылыми дерекқорларға деген ұстанымы біздікінен бөлек көрінді. Scopus Скопус (Elsevier), Web of Science (Clarivate) және тағы басқа ғылыми базаға енетін журналдарға мақала жазу мақсаты мен шарттарын біздікіне ұқсатпадым. Мәселен, сол Скопусқа, Гугл-сколарға кіретін ең беделді журналдарда мақаласы шығып жүрген профессорымыз Соуриндра мырзадан осы туралы сұрағанда: «Біздің ғылыми мақалалар ол жерлерде жарияланған сайын, әлемдік университеттердің QS-рейтингінде (QS World University Rankings) көтеріле түсеміз. Солайша ғылыми маңызды зерттеулермен бөлісеміз» деді. Соуриндра профессор өзі бір ғылыми мақаланы жоғары деңгейлі (Q1, Q2 квартильді) журналға шығару үшін, төрт жылдан сегіз жылға дейін жұмсайтынын айтты. Оған оқытушы ғалымның академиялық бос уақыты және бірнеше докторанттан жасанды түрде рейтингтегі орнын сәл көтеріп алғанымен, соның нәтижесінде шетелден студенттер ақылы оқуға ағылып келіп, өзін ақтап жатыр ма?.. Бәлкім біздегі ғылымды имитация тәсілімен емес, шынайы дамытуға тырысу керек шығар деген ой келді.

Үшінші ерекшелік, Ұлыбританиядағы мемлекеттік университет деген ұғым біздікіне қарағанда сәл басқаша екен. Жекеменшік сипатқа көбірек келеді, өйткені қомақты қаржыны әлемнің түкпір-түкпірінен келіп, ақылы оқитын студенттер әкеледі. Осылайша нарықтық қатынастар заңдылығына бағынып, үнемі сұранысқа, жоғары талапқа сай болуға тырысады. Лидс университеті – мемлекет те қаржыландыратын, қоғамдық (public) зерттеу университеті. Алайда мұндағы қоғамдық деген сөз «мемлекетке тікелей тиесілі» дегенді білдірмейді: Ұлыбританиядағы барлық университет дербес, тәуелсіз корпорация болып саналады, бірақ олар соған қарамастан, зерттеу жетістіктеріне сай мемлекеттік гранттар мен қаржыландыру ала алады.



тұратын көмекші топ ұсынылады екен. «Ең бастысы, оған көп ақша бөлінеді: әр ғылыми мақалаға ең кем дегенде 8000 паунд (5 580 000 теңге) қаражат керек, білесіз бе?» деді ол. Нәтижесінде, QS-тен жоғары деңгейге көтерілгенде, бізге ақылы оқуға студент көптеп келеді, тиісінше олардың әрқайсысы жылына орташа есеппен 30-40 000 паунд төлейді, солай ғылымға шыққан шығын университетке айналып, еселеніп, қайта оралады екен. Аңтарылып қалдық. Бізде басқаша ғой... Ондай мақала жариялау оқытушының жеке проблемасы емес пе? Мемлекеттік оқу орындары Скопусқа шыққанды талап етіп, дәрежеде бәсекелестікке лайық болып, білім мен ғылым арқылы капитал тартып, табысы мен әлеуетін елін өркендетуге жұмсап жатқан білім мекемесінің жарқын үлгісін көрдім.

Төртінші ерекшелік, ағылшындар кері байланысқа өте зор мән береді. Оған мен Ұлыбританияға келген алғашқы күннен куәмін. Жатақханама келіп орналаса салысымен, электронды поштама «Барлығы жақсы ма екен?.. Үстел, төсек, есік, терезе, шкаф, ас бөлмесі, тазалық деңгейі... көңіліңізден шыға ма?» деп, тәптіштеп сұрап хат жіберді. Университет студенттерінің концертіне барып келген күні: «Концерт ойыңыздан шықты ма, репертуар ұнады ма? Келесі жолы да осындай есеп концертін одан сайын жақсы өткізу үшін не ұсынасыз?» деген онлайн-сауалнамасы «күлімсіреп» тұрды. Ал оқытушыларға арналған конференцияның үшінші күні, қорытынды жасалып, іс-шараның бітуіне бес минут қалғанда, залдан шықпай тұрып-ақ университеттік аккаунтыма «Конференциядан алған әсеріңіз туралы кері байланысыңызды беріп жіберсеңіз, өтініш...» деген хат келіп түсті. Мұның бәрі не үшін деп ойлайсыз? Өйткені олар үнемі дамуды таңдайды, бір дүниесінен келесі дүниесі жақсырақ өткенін қалайды. Өйткені әр қатысқан адамды сыйлайды, оның әр сөзі, пікірі, ұсынысы олар үшін құнды. Өйткені өмірдің өзін ғылыми модель етіп алған: деректерді жинап, содан бағыт-бағдарды анықтап, стратегия құрып отырады. Тағы бір себебі, өздерінің қызметіне сенімді, ары таза, еңбегі адал, ісі кәсіби, жүзі жарқын, сондықтан конструктивті сынға да әзір...

Бесінші ерекшелік, бұл жақта адамдар үнемі күлімсіреп жүруге, жымиып жауап беруге және әңгіме барысында ретімен әзілдеп қоюға тырысады екен. Тұманды Альбион, бұлтты және жаңбырлы күндер, сондықтан көпшіліктің өңіне қан жүгіріп, бір селкілдеп күліп алады да, ақпаратты сіңіруге деген ынтасы одан сайын ашыла түсетіндей. Ең қызығы, осы бір әдемі қасиетті бұл академиялық ортаға кіріккен өзге ұлт ғалымдары да паш еткісі келіп тұратынын байқауға болады. Келіп жатқан түрлі студентке өздері сияқты көркем мінезді болуды «жұмсақ күшпен» үйретуге тырысады. Алдымен көрсетеді. Сосын соны сенен де күтеді. Одан бөлек осы тақырыпты өнер тілімен – сахналық қойылым арқылы да түсіндіруі мүмкін. Өздеріне бейімдеуде сол жолды да қолданады. Мәселен, күзгі және қысқы семестрдің басындағы «Welcome week» кезінде көне тарихи ғимаратына барша шетелдік студентті тегін шақырып, шәй мен тәтті ұсына отырып, ағылшын менталитетіне арналған, Италиядан Англияға келген студент өмірі туралы «Culture shock» («Мәдени шок») атты комедиялық драмасын қойды.

Алтыншы ерекшелік осы жоғарыда аталған сипатынан шықса керек: ағылшындар алғыс айтуға құштар екен. Иә, сәл талпынысың мен ниетіңнің өзін зор етіп бағалап, рақметін айтып жатады. Ол мінез академиялық ортада да қатты байқалады. Кітабының таныстырылымын жасап жатқан ғалымдар да өзіне сол жолда қолдау білдіргендерге жеке-жеке тоқталады. Конференция ұйымдастырушылары да (осы үш айда 6 конференцияға қатыстық) іс-шарасына атсалысқан әрбір ұйым, әрбір бөлім мен жауапты тұлғаға рақметін айтады. Ол былай тұрсын, сол конференцияда баяндама жасаған әр зерттеуші әлгі ғылыми жобасын ілгерілетуге ықпал етіп жатқан әріптестері мен ұйымдар атын бірнеше слайдқа тізіп қойып, алғысты жаудырады ғой. Өзі де мәз, атсалысқандар да мәз. Күшті ғой! Шетелдік ғылыми журналдардың ережесінде «Алғыс айту» деген бөлімнің неге қойылатынын енді толық түсінетін болдым...



> Ұлыбританиядағы барлық университет дербес, тәуелсіз корпорация болып саналады, бірақ олар соған қарамастан, зерттеу жетістіктеріне сай мемлекеттік гранттар мен қаржыландыру ала алады. «Мемлекеттің пәленше гранты бар, сонымен күн көреміз, басқасына жетпейді...» деп отырған бұлар жоқ

Жетінші ерекшелік, сұрақ қою мәдениеті қатты дамыған. Біріншіден, білмегеніңді сұрап отыру өте жағымды іс-әрекет ретінде қабылданады. Неге сұрай бересің немесе соны да білмейсің бе деп мұрнын тыржитып қарайтын адам жоққа тән. Екіншіден, қойылған ірілі-ұсақты әр сұраққа өте мұқият және толыққанды жауап беру зор міндет деп есептелетіндей. Сондықтан олар ауызша да, пошта арқылы жазылған жазбаша сұрақтарға да әрдайым ашық, тіпті «Тағы не білгіңіз келер еді?» деп нақтылап отырады. Есесіне хатпен ұзын-сонар жауап келсе, таң қалмай, ақпаратты мұқият сіңіруге де дайын болу керексіз. Одан бөлек ғылыми негізделген әрбір баяндамадан соң, Q&A (questions and answers), яғни сұрақтар мен жауаптар бөліміне кем дегенде 15 минут, ал көбіне-көп 30 минут уақыт жоспарланады. Сұрақтарды сол отырған жеріңізде қол көтеріп қоя аласыз, бірақ қолыңызға залға тиесілі микрофонды әкеп бергенше, 5-10 секунд күте тұру керек, өйткені сұрағыңызды тек спикер ғана емес, бүкіл аудитория ести алатындай болуы өте маңызды. Сұрақты тыңдап алған спикер алдымен сұрақ қоюшыға міндетті түрде қошеметін білдіреді екен. Мәселен, «Great observation!», «Brilliant question!», «Very good point!» немесе «Amazing question!» дегеннің қайсысын айтар екен деп күтіп отырасың, тіпті. Панельдік сессия кезінде сұрақ қоюдың онлайн тәсілін де ұсынып жатады. Ол үшін презентация өткен экранға кюар-код шығарады, сол сілтememен өтіп, анонимді түрде немесе аты-жөнді енгізіп, қысқа сұрағыңызды жолдай қойсаңыз, сол секундта модератор оны көріп, дауыстап оқи қояды. Мәселен, Лидс университетінде 15 ақпан күні өткен AI апталығының қорытынды шарасында алдымызда отырған спикерлерге арнаған сұрақтарымызды көрсетілген кюармен өтіп, Slido платформасы арқылы жолдадық.

Алма САЙЛАУҚЫЗЫ,
PhD ғылым докторы,
«Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» ғылыми тағылымдама стипендиаты,
Лидс университеті,
Ұлыбритания

Мақаланың толық нұсқасын мына сілтемелер арқылы оқи аласыздар

№66 (4964) 06/06/2026 Сенбі



ТАСҚА ТАҢБАЛАНҒАН ТАРИХ

Елордадағы Ұлттық музейде «Таңбалы: Бабалар коды» атты ерекше көрме ашылды. Көрменің басты ерекшелігі – ежелгі петроглифтерді заманауи технологиялар арқылы жаңа қырынан таныстыруында. Мұнда жартас суреттерінің фотокөшірмелері, петроглифтер негізінде жасалған көркем туындылар, мультимедиялық инсталляциялар мен жасанды интеллект көмегімен дайындалған бейнелер ұсынылған.

Шапағат ӘБДІР



Шын мәнінде, Таңбалы археологиялық ескерткіш ғана емес. Ол – мыңдаған жыл бұрынғы бабаларымыздың дүниетанымын, сенімін, тұрмысын және қоршаған ортаға көзқарасын бүгінгі ұрпаққа жеткізіп тұрған үнсіз шежіре екені анық. Қағаз бен жазу кең таралмаған кезеңде адамдар өздерінің өмірі мен түсінігін тасқа қашап қалдырды. Сондықтан Таңбалыдағы әрбір сурет – өткен дәуірдің бізге жеткен хаты іспетті.

«Таңбалы – қазақтың тарихы мен мәдениетін танытатын аса маңызды орындардың бірі. Ол Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен қатар Қазақстаннан алғашқылардың бірі болып ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді. 1957 жылы ашылған бұл ескерткіштің қадір-қасиеті жыл өткен сайын артып келеді, себебі оның ашылмаған сыры өте көп. Күн басты антропоморфты фигураларды Таңбалының ең маңызды белгісі деуге болады. Ғалымдар арасында олардың нақты мәні туралы ортақ пікір жоқ. Меніңше, бұл жазбаларда қола дәуіріндегі діни рәсімдерге қатысқан абыздар немесе бақсылар бейнеленген. Бұл сол дәуірдегі күнге, аспан денелеріне табыну түсінігімен байланысты болуы мүмкін» дейді тарих ғылымдарының докторы Зейнолла Самашев.

Көрмені аралау барысында ежелгі адамдардың табиғатпен үйлесімді өмір сүргенін, күнге, аспан денелеріне ерекше мән бергенін аңғаруға болады. Әсіресе Таңбалының басты символына айналған күн басты антропоморфты бейнелер келушілердің назарын ерекше аударады. Бұл бейнелердің нақты мәні әлі күнге дейін толық шешілмегенімен, олардың қола дәуіріндегі рухани түсініктермен байланысты екені анық байқалады.

Көрме мазмұны мемлекеттік рәміздер күнімен де үндесіп жатыр. Өйткені қазіргі ұлттық рәміздерімізде кездесетін көптеген бейнелер мен ою-өрнектердің бастауы ежелгі петроглифтерден тарайды. Жартастарда бейнеленген бүркіттер, арқарлар, тау ешкілері мен түрлі таңбалар кейін халқымыздың мәдени болмысының ажырамас бөлігіне айналды. Бүгінгі қазақтың ою-өрнегінде кездесетін көптеген элементтердің тамыры да осы көне мұраларда жатыр.

ЮНЕСКО сарапшысы, тарихшы Виктор Новоженовтың айтуынша, Қазақстанды әлем ғалымдары «петроглифтер елі» деп атайды. Оның сөзінше, елімізде 250-ден астам ірі жартас ескерткіші бар және бұл Қазақстанның әлемдік мәдениеттегі ерекше орнын көрсетеді. Шын мәнінде, Таңбалы – өткеннің сарқыншағы емес, бүгінгі ұрпақпен тілдесіп тұрған рухани мұра. Осындай көрмелер арқылы біз бабалар қалдырған құндылықтарды жаңаша танып, тарихи санамызды тереңдете түсеміз. Тасқа қашалған әрбір таңба – ұлт жадының бөлшегі. Ал сол жадыны сақтау мен насихаттау – бүгінгі буынның басты міндеттерінің бірі.

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ЧЕМПИОНАТ

Астанада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай 2013 жылы туған жасөспірімдер командалары арасындағы футболдан Қазақстан Республикасының жыл сайынғы чемпионаты басталды.

Чемпионат Қ.Мұңайтпасов атындағы стадионда өтіп жатыр. Жарысқа еліміздің әр өңірінен келген 14 үздік команда, яғни мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері мен олимпиадалық резерв мектептерінің шамамен 300 жас футболшысы қатысуда.

Аталған чемпионат Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер футболы жүйесіндегі негізгі республикалық жарыстардың бірі саналады. Турнир бұқаралық спортты дамытуға, балалар мен жасөспірімдер арасында футболды кеңінен насихаттауға, сондай-ақ жас спортшылардың дайындық деңгейін арттыруға бағытталған.



Ашылу салтанатының ерекше сәттерінің бірі – қазақстандық футбол ардагері Амангелді Утканов пен Астана қаласы әкімдігінің №8 мамандандырылған балалар-жасөспірімдер олимпиадалық резерв спорт мектебінің тәрбиеленушісі Батыр Алтынбектің символикалық алғашқы доп соғуы болды. Чемпионат аясында командалар бірнеше матч өткізіп, оның қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады.

Турнир талантты футболшыларды іріктеуге, жаттықтырушылар арасында тәжірибе алмасуға және өңірлер арасындағы спорттық байланысты нығайтуға мүмкіндік береді.

Ел чемпионатының ұйымдастырушысы – №8 мамандандырылған балалар-жасөспірімдер олимпиадалық резерв спорт мектебі. Турнир 12 маусымға дейін жалғасады.

ҚАЗАҚ ПЕН ӘЛЕМ КЛАССИКАСЫ КЕШІ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымында Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрінің «Жаңа әлем» концерті өтті.



Концерттің мақсаты – симфониялық музыканы насихаттау, ұлттық композиторлар мұрасын дәріптеу және әлемдік классикалық өнер туындыларын көрермен назарына ұсыну.

Концерт бағдарламасы ұлттық және әлемдік симфониялық музыка туындыларын қамтыды. Салтанатты кеш аясында Ахмет Жұбановтың туғанына 120 жыл толуына орай Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсынан би сюитасы орындалды.

Сонымен қатар Эдвард Григтің «Пер Гюнт» сюитасының бірінші бөлімі және бағдарламаның негізгі туындысы Антонин Дворжактың №9 «Жаңа Әлем» («From the New World») симфониясы ұсынылды.

ҰЛТ РУХЫ АСҚАҚТАДЫ

Астанада ҚР Ұлттық ұлан оркестрі Мемлекеттік рәміздер күнінде патриоттық шеру өткізді. Музыкалық шеру барысында оркестр ұжымы патриоттық шығармаларды орындап, қала тұрғындары мен қонақтарына мерекелік көңіл-күй сыйлады.



– Шеру Атырау көпірінен басталып, Есіл өзенінің жағалауымен Кенесары хан ескерткішіне дейін жалғасты. Ұлттық гвардияның оркестрі заманауи әндерді әртүрлі аспаптарда орындады. Оркестр ұжымының іс-шаралары жиі ұйымдастырылып тұрады. Өткен жылы да осындай шара өткізіп, Республика даңғылындағы үйлердің қасбетін мемлекеттік тумен безендірген болатынбыз. Мұның барлығы қала тұрғындарына көңіл күй сыйлау мақсатында жасалып жатқан игі істер деп айта аламын, – деді Сарыарқа ауданының баспасөз хатшысы Балмира Берікқызы.

Кенесары хан ескерткіші алдында мерекелік шара жалғасын тапты.

– Ұлттық ұлан оркестрінің бүгінгі шеруі қатты ұнады. Қала тұрғыны ретінде ұйымдастырушыларға, Сарыарқа ауданы әкімшілігіне алғыс айтқым келеді. Жыл сайын осындай игі істер жасалып жатқанына қуаныштымыз. Отбасымызбен музыкалық шеруді тамашалауға келіп тұрмыз. Балалардың да көңілі көтеріңкі, – деп ағынан жарылды қала тұрғыны Баубек Қажиев.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 66

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ